

• **Тіс-жақ жүйесінің аномалиялары мен деформацияларның профилактикасы.**

- Тұқым қуалайтын аурулар даму қауіпі бар кезде генетик мамандардан кеңес алу керек.
- Анасының жүктілік кезінде аурулардың алдын алуы, дұрыс тамақтануы, алкогольді сусындарды қолданбау және темекіден бас тартуы.
- Баланы неонатологта бақылау, одан соң рахит, тыныс алу мүшелерінің, эндокрин жүйесінің ауруларының алдын алу мен ерте емдеу.
- Баланың рационына қатты тағам енгізу. Уақытша тістер сауыттарының жеткіліксіз қажалуы кезінде егеу.
- Стоматологтың бақылауында болу. Алғаш рет 1-айлығында. Тіл тартпасы қысқа болса, коррекциясын жүргізуге болады. Кейіннен баланы стоматологқа жылына 2-4 рет көрсету керек. Тісжегі немесе оның асқынулары анықталса бұзылған уақытша тістердің сауытын қалпына келтіру. Егер тіс емдеуге келмесе оны жұлады және уақытша протез дайындайды. Егер ересек жаста тұрақты тістер жұлынса, тістердің ығысуының алдын алу үшін рационалды протездеу немесе имплантат орналастыру..
- Зиянды әдеттерді шектеу, логопедпен жұмыс жасау.

- *Ересектерде тістем аномалияларын емдеу.*
- Тіс-жақ жүйесінің аномалияларын тиімді емдеу үшін білу керек:
 - 1. Тіс-жақ жүйесінің қандай құрылымдық бұзылыстарын шектеу керек екенін;
 - 2. Ересектерде тіс-жақ жүйесінің морфологиялық перестройкасы қандай екенін;
- Сонымен қатар аномалиялардың клиникалық және морфологиялық ауырлығы маңызды.

- **Ортопедтердің көпшілігі** аномалияларды ортодонтиялық емдеуді кез-келген жаста және сүт тістем кезінде бастауға болады деп санайды. Бірақ кейбір аномалияларды белгілі бір жаста ғана шектеу керек. Дәрігер ерте жастағы аномалияларды түзету әдістерін табуға міндетті. Ерте жастағы аномалиялар аралас және тұрақты тістем кезінде бекітіледі.
- Тіс-жақ жүйесінің даму кезеңіне сәйкес аномалияларды кешенді шектейді: профилактикалық шаралар жүргізу, миогимнастика, хирургиялық коррекция, ортодонтиялық және профилактикалық ортопедиялық аппараттар орналастыру.
- **Ересектерде аномалиялар терапиясы** ұзақ уақыт мүмкін емес деп саналды, себебі олардың тіс-жақ жүйесі толық қалыптасқан және әсер қиын беріледі. Осы себепке байланысты ересектерде деформациялар хирургиялық жолмен немесе көрсеткіштерге байланысты протездеу жолымен жүргізіледі.

Ортопедиялық аппаратура.

- **Тіс-жақ жүйесінің айқын аномалиялары кезінде немесе одан кеш жаста**, профилактикалық шаралар әсер бермеген кезде әртүрлі ортодонтиялық аппараттар қолданылады. Олардың көмегімен тістердің жәнне жақ сүйектерінің аномалиялары мен деформацияларын емдейді.
- Аппаратуралық әдіс арнайы бейімделулерді қолдануға негізделген. Олар тағайындалуына байланысты (профилактикалық, емдік, ретенционды), орнына байланысты (ауыз ішілік және сыртылық), бекітілу әдісіне байланысты(алынатын, алынбайтын) бірнеше топтарға бөлінеді.
- **Әсер етуіне байланысты ортодонтиялық аппараттар механикалық, функционалды және комбинирленген деп бөлінеді.** Бірінші топтың ерекшелігі олардың құрылымына механикалық күш көзі енгізілген (винт, төзімді доға, пружина, резиновая тяга т.б.). Механикалық аппараттың әсері үнемі пайда болады және әсерлі бастама активациясының I дәрежесіне тәуелді.